

ОЛЖУНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ



Ашаршылықтың жерді көктей жаулап, қалың елге қанды шеңгелін енді батыра бастаған 1931 жылдың қаңтар айында Ұлытау ауданында дүниеге келген Әкбай бұғанасы қатпай жатып ауыр еңбекке ерте араласты. Әкеден жастай жетім қалған жас бала мектепті де жарытып оқи қойған жоқ. Бар болғаны 5-ші класты бітірген Әкбай Әлібековтің Ұлытаудан өндіріс ошағы Қарсақбайға үйлері көшіп келгеннен кейінгі тағдыры сондағы завод өмірімен біте қайнасып кеткен еді. Бала

- Бастық аға, менің енді оқығым келмейді. Қайырбек ағам сияқты токарь болғым келеді. Мені жұмысқа алыңызшы. Күнкөрісіміз де қиындап барады.

Баланың бұл сөзінен кейін теміржол ісінің үлкен ұйымдастырушысы, білікті басшы Шұғай Зұлқашев ойланып қалды. Майданда қиян-кескі соғыстың жүріп жатқаны - анау. Тылда да тыным жоқ. Қаршадай балаға дейін «Майдан үшін, Жеңіс үшін!» деген ұранды құран сөзіндей жаттап алған. Мына баланың талабы таудай көрінеді.

— Жарайды, балам, ертең менің кеңсеме келіп, өтінішінді беріп кетерсің. Ақылдасып шешейік, - деген бастық мұнымен жылы қоштасып, цехтарды одан әрі аралап кетті.

Бастық уәдесінде тұрды. Сөйтпін, 1944 жылдың жаз айында, он үш жасында Әкбай Әлібеков қазақ металлургиясының қара шаңырағы Қарсақбай заводының темір жолында еңбек жолын темір жонушылықтан бастайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қарсақбай металлургия заводының орны ерекше болғаны, онда өндірілген өнімдердің басқыншы жауға қарсы оқ,

еңбектерін жыр етіп айтып отырады. Бұлардың бәрі де Қарсақбайдың темір жолында тынымсыз еңбек етіп, Жеңісті жақындатуға өз үлестерін қосқан паравоз машинистері болатын.

Қарсақбай металлургия заводының теміржол цехында 1944 жылдан 1975 жылға дейін, яғни, завод бастапқы ырғағынан айырылып, жабылғанға дейін токарь болып өз ісінің майталман үздігі атанған Әкбай Әлібековтың бұдан кейінгі өмір тағдыры Жезқазған мыс қорыту заводының іргетасын қалаушылардың жасампаз еңбектерімен бір тоғысады. 1975 жылдың көкек айында ол заводқа мыс құюшы болып орналасады. Одан кейін анод бөлімшесінде балкытушы атанды. Елімізге әйгілі құрметті металлург, халық қалаулысы атанған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Смағұм Салқауовпен тізе қоса бірге еңбек етеді, заводтың өсіп, қалыптасуына, одан әрі өркендеуіне өзінің лайықты үлесін қосады. Өндіріс озаты, жастар тәлімгері ретінде көпшілік құрметіне бөленеді. Мерейлі металлург ретінде суреті мыс қаласының көрнекті жерлерінен орын алады.

Соғыс кезіндегі ауыр еңбекте Әкбай Әлібековтың өмір жолы бұра-

ОН ҮШІНДЕ ОҚ ЖОНҒАН

Тыл ардагері Әкбай ӘЛІБЕКОВ өмірінің бір үзік сырлары



көңілі қашан да еліккіш келеді ғой. Әкбай жастайынан техникаға әуес болып өсті. Қолы қалт еткен кезде заводтың іргесіндегі темір жол депосына барып темір жонитын станоктардың қасынан табылатын. Оның токарь станогына деген құштарлығын байқап, қазақ баласына таңсық мамандықты игеруге ынта-зейіні ауып жүрген Әкбайды байырғы токарь-жонушылар бауырына тартып, темір жонуға үйрететін. Айтқанды, үйреткенді бұлжытпай орындап, қай істі болмасын тыңғылықты атқаратын Әкбайды цех жұмысшылары мақтан ете әңгімелеп, оған үлкен үміт артатын.

Бір күні жұмыс басында қызық оқиға болды. Қарсақбайдағы №1 қазақ орта мектебінде 5-ші сыныпта оқып жүрген Әкбай Әлібеков бұрынғы үйренген дағдысы бойынша сабақтан кейін келіп теміржол цехындағы станоктардың бірінде темір жонып жатқан болатын. Жұмыстың қызуымен жас бала жанына келіп, бұған қадала қарап тұрған үлкен кісіні байқамай қалады. Станокты зырылдатып, қажетті бір бөлшекті бар ынта-зейінімен жонып жатқан жас баланың қимылына риза кейіп танытқан әлгі адам дауысын көтеріңкіреп сөйлеп:

- Ау, батыр, іске сәт болсын! Басыңды сәл көтерсейші, тілдесейік, - деп әңгімелесуге шақырды.

Оқыс дауыстан селк етіп басын көтерген Әкбай станокты тоқтатып үлгерді. Темір жол депосының бастығымен бірінші рет жүздесіп тұрғаны - осы. Бастық ұрысып, айқай салатын шығар деп ойлап, зыта жөнелуге бекінген.

- Бала, атың кім? Кімнің баласы боласың? - деді бастық бұған жылы шырай танытып.

- Атым Әкбай, Әлібектің баласы боламын, - деді бұл тақ-тақ етіп.

- Иә, жөн, жөн. Әкеңді жақсы білем, марқұм жақсы кісі еді. Жақсыдан қалған тұяқ екенсің ғой... Ал, енді мұнда не істеп жүрсің?

- Темір жонып жатырмын...

- Оны қайтесің?

- Майданға жіберемін. Қайырбек ағам солай үйреткен...

- А, Әлібаев Қайрекең бе? Ол кісі қайда?

- Түскі үзіліске кеткен...

- Балам, ол кісінің үйреткені дұрыс қой. Бірақ, сен әлі мектепте оқитың көрінесің. Сабағыңды жалғандыра жүр.

зеңбірек болып атылғаны, еліміздің қорғаныс күшіне үлкен демеу бергені, қуатты қалқан ретінде жұмсалғаны тарихтан белгілі. Осы заводтан өндіріліп, жөнелтілген құрал-жабдықтар, жауынгерлерге жолданған сәлемдемелер теміржол арқылы майдан мен тылды жалғастырып жататын. Осындай ел басына күн туып, ер басына ауыр жүк түскен шақта он үш жастағы Әкбай Әлібеков токарь станогын меңгеріп, үлкендермен бірдей күнітүні жұмыс істеді. Зейінді де алғыр бала өзі жонған әрбір бөлшекті жауға қарсы жұмсалатын мұздай қару, өткір де салмақты оқ деп түсінді.

- Біз он кезде Жеңістің жақындап қалғанын жанымызбен де, жүрегімізбен де сезіп, түйсінетін едік, - дейді бүгінде жасы 74-ке келген Әкбай ақсақал тылдағы ауыр еңбекті бір сәт еске түсіріп. - Аш құрсақ жүрген, ұйқысыз, күлкісіз өткен сол бір күндерді қалай ұмытарсың. Токарь станогының жанында 14-15 сағат бойы тапжылмай тұрып, берілген күндік тапсырманы 2-2,5 есеге дейін артығымен орындауға тырысатынбыз. Мен заводтың байырғы жұмысшыларынан, тәжірибелі паравоз машинистерінен көп нәрсе үйрендім. Олардың көбісі қазір жоқ. Ұлы Жеңісті жақындатуға белсенді үлес қосқан, қиындықты қара нардай көтере білген қайран ағаларымды жиі еске аламын, әруақтарына бағыштап құран оқимын. Бұл менің азаматтық асыл парызымның бірі...

Тыл ардагері Әкбай Әлібековтың жан жүрегіндегі терең сырларды түсіну қиын емес. Қазір қарап отырсақ, қатары сиреп, саусақпен санарлықтай болып қалған соғыс ардагерлерінің санатына тыл ардагерлерін де жатқызға әбден болады екен. Әкбай ақсақал сол кезде тыл майданында бірге жұмыс істеген адамдардың да тым сиреп қалғанын, олардың көбісінің еңбегін елемек түгілі, есімдерін де ел ұмыта бастағандығын тілге тиек етеді. Кейінгі ұрпаққа еңбегі еш болып кеткен ондай адамдардың қадір-қасиетін, үлгі-өнегесін кім жеткізеді, оларды кім дәріптейді? Ақсақалдың бұл жанайқайына толық қосылуға болады.

Әкбай ақсақал өзімен бірге тылда жұмыс істеген жасы үлкен ағалары - Бірәлі Қалекенов, Ершат Есенеєв, Лайық Сәдуақасов, Бәдір Асанов, Түсіп Аманов, Асан Ыбыраєв, Григорий Губашкин, тағы басқаларды аузы-

лаң соқпақтарымен қатар жарқын белестерге де толы. Ол темірден түйін түйген тәжірибелі токарь атанды. Әскери азаматтық борышын Ресей, Украина жерлерінде өтеген Әкбай Әлібеков бұл мамандықтың қыр-сырын терең меңгерген маман ретінде айрықша көзге түсті. Оған оның әскерде жүріп алған көптеген мақтау қағаздары куә. Тыл және еңбек ардагерінің өңірінде бүгінде «Еңбек ардагері», Ұлы Жеңістің 50 жылдығына арналған мерекелік медальдары мен «Өндіріс үздігі», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» белгілері жарқырайды.

Қолынан іс, өнер келетін адам үйде отыра алмайды екен. Әкбай Әлібеков 1986 жылы Жезқазған мыс қорыту заводынан құрметті еңбек демалысына шығады. Бірақ, үйде отырып қалмайды. Сол кездегі КарГИЗ (Қарағанды газ зерттеу институты) мекемесінде токарь мамандығын жалғастырып, 1997 жылға дейін жұмыс істеп, көптеген шәкірттер тәрбиелейді.

«Әке көрген - оқ жонар» дегендей, Әкбай ақсақалдың балалары да әке жолын лайықты жалғастырушылар атануда. Төрт ұлы Жезқазған мыс қорыту заводында жұмыс істейді. Үлкені Серік конверторшы болса, одан кейінгі ұлы Ержан конверторшылар бригадирі. Еркемаспалық

жүргізетін білікті маман атанған. Ең кенжесі Өтеген де ағаларының жолын қуған, заводтың маңдайалды жұмыскерлерінің бірі. Сәуле, Зәуре есімді қыздары да өздері қалаған мамандықтың иелері. Әкбай ақсақал қазір сайыбы Ақлима әкеуі ұл-қыздарынан сегіз немере сүйіп отыр. Қара шаңыраққа Өтеген ие болып қалған. Қарттардың ендігі қуаныш-жұбаныштары - немерелері. Олар қара шаңырақты ерекше шаттыққа бөлеген ең кенже немерелері Ерасылдың тәтті күлкісіне тоймайды. Осыдан артық қандай бақыт керек?! Әкбай ақсақал енді қайтып соғыс болмасын, ел тыныш, ұрпағымыз аман болсын дейді. Ылайым, солай болсын!

Ибраһим БЕКМАХАНҰЛЫ